

**Жалпыға бірдей міндетті білім беру қорынан тегін ыстық тамақпен
тамақтануын ұйымдастыру және асхана жұмысын бойынша комиссия
(бракераждық) мүшелерінің отырысы
№1 хаттама**

Күні: 27.10.2023 ж.

Қатысқандар:

1. Мектеп директоры – Ш.Қ.Жүсіпбек
2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ж.Т.Билялова
3. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары – А.Ж.Абдікәрім
4. Қамқоршылық кеңес мүшесі - Г.Қ.Хамзина
5. Әлеуметтік педагог – Р.М.Қойшыбай
6. Ата-ана – А.С.Мыржакимова
7. Медбике – Н.Н.Столярова

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Ыстық тамақтың ұйымдастырылуы, тамақтанатын оқушылар тізімі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау
3. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы, ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтануын қадағалау қорытындысы туралы

Тыңдалды:

1. Әлеуметтік педагог – Р.М.Қойшыбай: 2023-2024 оқу жылында «А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ 180 оқушыны құрады. Мектепте тегін ыстық тамақты ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі №158 бұйрығы 10-қосымшасының «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметті көрсету қағидасын басшылыққа ала отырып мектепшілік бұйрық шығарылды. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, журналға толтырылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айы бойынша ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 60-ты құрап отыр. Оның ішінде 1-4 сынып оқушыларының саны 50 болса, 5-9-11 сынып оқушыларының саны 10-ды құрайды. Әлеуметтік мәртебесіне байланысты:

Көпбалалы отбасынан шыққан – 27
Толық емес отбасынан шыққан оқушы – 4
АӘК алатын отбасының шаққын оқушы – 6
«А.Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» КММ-де ата қамқорлығынсыз қалған оқушылар саны – 1.

Оқушылардың асханада көп шоғырлануын болдырмау мақсатында оқушылардың ыстық тамаққа баруы 2 уақытта ұйымдастырылды. Мысалы:

1-2 сынып оқушылар үшін – 10.05 – 10.20

5-11 сынып оқушылары үшін – 11.55 – 12.10

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Ж.Т.Билялова:

Мектеп асханасында оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы әлеуметтік педагог пен мектеп медбикесі бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен медбикесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.

3. Медбике – Н.Н.Столярова: Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы белгілер, антисептиктер орнатылған. Күнделікті тамақтың сапасы бракераж журналына тіркеліп отырды. Ай сайын асхана жұмысы мен тамақтың сапасы тексеріліп акт толтырылып отырылды. Тексеру барысында санитарлық-талаптардың бұзылған жағдайлары анықталмады. Оқушылар асханаға толық келеді, тамақтанудан бас тартқан оқушылар болған жоқ. Қазіргі таңда, ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, ата-ана мен оқушылардың шағымдары асханадағы арыз-шағымдар журналына жазылады. Келіп түскен арыз-шағымдар асхана қызметкерлері және арендаторға таныстырылып, қажетті іс-шараларды атқару қажеттігі туралы ескерту жұмыстары жасалды.

Шешімі:

1. Ыстық тамақтың ұйымдастырылуы, тамақтанатын оқушылар тізімі туралы жұмыстар есебі қанағаттандырылсын.

2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау күнделікті бақылауға алынсын.

3. Мектеп асханасының санитарлық жағдайы, ыстық тамақтың сапасы мен құндылығын тексеру, тегін ыстық тамақпен қамтылған оқушылардың тамақтануын қадағалау жұмыстары жалғастырылсын.

Мектеп директоры

Директордың шаруашылық ісі
жөніндегі орынбасары
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Қамқоршылық кеңес мүшесі
Әлеуметтік педагог
Ата-ана
Медбике

Ш.Қ.Жүсіпбек



А.Ж. А.Ж.Абдікәрім
Ж.Т. Ж.Т.Билялова
Г.Қ. Г.Қ.Хамзина
Р.М. Р.М.Қойшыбай
А.С. А.С.Мыржакимова
Н.Н. Н.Н.Столярова